"Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" бағдарламасының екінші бағытын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

## Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 26 тамыздағы N 224-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 303 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 303 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қарашадағы N 1097 қаулысымен бекітілген "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) екінші бағытын іске асыру мақсатында:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Бағдарламаның екінші бағытын іске асыру жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Бағдарламаның екінші бағытын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, мүдделі заңды тұлғалар (келісім бойынша) Жоспардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Жұмыс тобы 2009 жылғы желтоқсанға дейінгі мерзімде Жоспардың орындалу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне қорытынды берсін.

5. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т.Орынбаевқа жүктелсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 26 тамыздағы N 224-ө өкіміне қосымша

## "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" бағдарламасының екінші бағытын іске асыру жөніндегі жұмыс тобының құрамы

Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші

Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, жетекшінің орынбасары

Ертілесова Жаннат Жұрғалиқызы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі, жетекшінің орынбасары

Дауранов Александр Шамильевич - "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ӨҰлттық банкі жанындағы ұлттық талдамалық орталығы" акционерлік қоғамының департамент директоры, хатшы

Қуанғанов Фархад Шаймұратұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы

Мамытбеков Еділ Құламқадырұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі

Оразаев Марат Әбілахатұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі

Жансүгіров Болат Амангелдіұлы - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көлік-коммуникациялық кешенін дамыту департаментінің директоры

Рсалиев Серік Әзтайұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Стратегиялық даму департаментінің директоры

Тортаев Бауыржан Қадырұлы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Инвестициялық саясат және жоспарлау департаментінің директоры

Цой Игорь Владимирович - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Индустриялық даму департаментінің директоры

Манасова Аяна Тоқтағанқызы - "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық банкі жанындағы ұлттық талдамалық орталығы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы

Әйтекенов Қайрат Медібайұлы - "Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамының басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Мусина Лилия Сәкенқызы - "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамының басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Никитинская Екатерина Сергеевна - "Атамекен" Одағы" Ұлттық экономикалық палатасы" заңды тұлғалар бірлестігі төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша)

Боранбаев Талғат Сағындықұлы - "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Айтуғанов Қайрат Қапарұлы - "Оңтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Әбдібеков Нұрмұхамбет Қанапиұлы - "Батыс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Ошақпаев Рақым Сәкенұлы - "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының атқарушы директоры (келісім бойынша)

Керімбеков Арсен Жақашұлы - "Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы Астана қаласындағы өкілдігінің директоры (келісім бойынша)

Тойымбеков Қайрат Қамитұлы - "Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы Астана қаласындағы өкілдігінің директоры (келісім бойынша)

Тұрысбеков Мұрат Қуанышбекұлы - "Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы Астана қаласындағы өкілдігінің директоры (келісім бойынша)

Бектүргенев Қайрат Аменгелдіұлы - "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының стратегиялық жоспарлау және талдау департаментінің бас менеджері (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 26 тамыздағы N 224-ө өкімімен бекітілген

## "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" бағдарламасының екінші бағытын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р / с N | Іс-шараның атауы | Жауапты орындаушы | Аяқтау нысаны | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1-кезең. Бәсекеге қабілеттілік деңгейі әлеуетті жоғары экономика секторларын айқындау** | | | | |
| 1 | Экономиканың әлеуетті бәсекеге қабілетті секторларын айқындау жөніндегі егжей-тегжейлі өлшемдер мен әдіснаманы әзірлеу | ЭБЖМ, ИСМ, "Қазына" АҚ | Жұмыс тобы мақұлдаған әдіснама | 2008 жылғы 28 тамызға дейін |
| 2 | Экономиканың секторларын дамыту стратегияларын жазу әдіснамасын әзірлеу | ЭБЖМ, ИСМ, "Қазына" АҚ | Жұмыс тобы мақұлдаған әдіснама | 2008 жылғы 12 қыркүйекке дейін |
| 3 | Экономиканың секторларын дамыту стратегияларын жазу жөніндегі егжей-тегжейлі жұмыс жоспарын әзірлеу | ЭБЖМ, ИСМ, ӘКК | Жұмыс тобы мақұлдаған егжей-тегжейлі жұмыс жоспары | 2008 жылғы 19 қыркүйекке дейін |
| 4 | Мастер-жоспарларды жазу әдіснамасын әзірлеу | ЭБЖМ, ИСМ, "Қазына" АҚ | Жұмыс тобы мақұлдаған әдіснама | 2008 жылғы 30 қыркүйекке дейін |
| 5 | Бизнес өкілдерімен экономиканың әлеуетті бәсекеге қабілетті секторларын айқындау жөнінде дөңгелек үстелдер, "ой штурмдарын" өткізу | ИСМ, ӘКК | Есеп | 2008 жылғы 5 қыркүйек - 2008 жылғы 10 қыркүйек кезеңінде |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | Макроөңірлердің мамандануын айқындау | ИСМ, ӘКК, " Қазына" АҚ | Әрбір макроөңірді мамандандыру | 2008 жылғы 15 қыркүйекке дейін |
| 7 | Астана қаласында макроөңірдің мамандануын талқылау жөнінде бизнес-форум ұйымдастыру ("Сарыарқа", " Тобыл", "Ертіс" ӘКК өңірлері үшін) | ИСМ, ЭБЖМ, " Сарыарқа" ӘКК, "Тобыл" ӘКК, " Ертіс" ӘКК | Бизнес-форум | 2008 жылғы 17 қыркүйекке дейін |
| 8 | Алматы қаласында макроөңірдің мамандануын талқылау жөнінде бизнес-форум ұйымдастыру (" Оңтүстік", "Жетісу" ӘКК өңірлері үшін) | ИСМ, ЭБЖМ, " Жетісу" ӘКК, " Оңтүстік" ӘКК | Бизнес-форум | 2008 жылғы 24 қыркүйекке дейін |
| 9 | Ақтөбе қаласында макроөңірдің мамандануын талқылау жөнінде бизнес-форум ұйымдастыру ("Каспий", " Батыс" ӘКК өңірлері үшін) | ИСМ, ЭБЖМ, " Батыс" ӘКК, " Каспий" ӘКК | Бизнес-форум | 2008 жылғы 26 қыркүйекке дейін |
| 10 | Бизнес-форумдардағы талқылауларды ескере отырып пысықтау | ИСМ, ӘКК, " Қазына" АҚ | Жұмыс тобында мақұлданған әрбір макроөңірді мамандандыру | 2008 жылғы 29 қыркүйекке дейін |
| 11 | Бірінші кезеңнің нәтижелерін Жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның қарауына енгізу | ИСМ, ЭБЖМ, ӘКК | Макроөңірлердің мамандауын Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның мақұлдауы | 2008 жылғы 30 қыркүйекке дейін |
| **2-кезең. Экономиканың секторларын дамыту стратегияларын әзірлеу** | | | | |
| 12 | Экономиканың белгілі бір секторларындағы нақты перспективалық өнімдерді бөліп көрсету және нарықтық тауашаларды айқындау | ИСМ, ЭБЖМ, ӘКК, "Қазына" АҚ | Өнімдер тізімін жұмыс тобында мақұлдау | 2008 жылғы 31 қазанға дейін |
| 13 | Макроөңір деңгейінде ғана емес , тұтастай алғанда Қазақстандағы сектордың дамуына кедергі жасайтын айрықша проблемаларды айқындау | ИСМ, ЭБЖМ, ӘКК | Экономиканың секторларын дамыту үшін кедергілердің тізімі | 2008 жылғы 31 қыркүйекке дейін |
| 14 | Инфрақұрылымға, шикізатқа, жерге, адами капиталға ( әдіснамаға сәйкес бәсекеге | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қабілеттілікті қамтамасыз етудің өзге факторларына) қажеттілікті айқындау | ИСМ, ЭБЖМ, ӘКК | Секторды дамытудың қажетті шарттары | 2008 жылғы 7 қарашаға дейін |
| 15 | Секторды және нақты өндірістерді дамытуда басқа елдердің тәжірибесін, жобаларды іске асыру үшін ірі халықаралық компаниялардың шарттарын зерделеу | ИСМ, ЭБЖМ, ӘКК | Басқа елдерде секторлар мен өндірістерді дамыту тәжірибесі (әлемдік үздік практика) | 2008 жылғы 7 қарашаға дейін |
| 16 | Экономиканың таңдап алынған секторындағы жобаларды іске асыруда әлеуетті мүдделі халықаралық компаниялардың тізімін жасау | ЭБЖМ, ИСМ, ӘКК | Әлеуетті инвесторлардың тізімі | 2008 жылғы 7 қарашаға дейін |
| 17 | Шетелдік нарықтарды игеру жөніндегі стратегияны әзірлеу | ИСМ, ЭБЖМ, ӘКК | Шетелдік нарықтарды игеру стратегиясы | 2008 жылғы 7 қарашаға дейін |
| 18 | Секторларды дамыту стратегиясының алдын ала нұсқасын жазу | ИСМ, ЭБЖМ, ӘКК | Стратегияның алдын ала нұсқасы | 2008 жылғы 14 қарашаға дейін |
| 19 | Экономиканың секторларын дамыту стратегияларын талқылау жөнінде бизнес-форум ұйымдастыру | ИСМ, ЭБЖМ, ӘКК, "Қазына" АҚ | Бизнес-форум | 2008 жылғы 17 қараша - 2008 жылғы 26 қараша кезеңінде |
| 20 | Стратегиялардың түпкі нұсқасын әзірлеу | ИСМ, ЭБЖМ | Жұмыс тобының отырысында мақұлданған стратегия | 2008 жылғы 28 қарашаға дейін |
| 21 | Стратегияларды Жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның қарауына шығару | ИСМ, ЭБЖМ, ӘКК | Жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның стратегияларды мақұлдауы | 2008 жылғы 30 қарашаға дейін |
| **3-кезең. Мастер-жоспарларды әзірлеу** | | | | |
| 22 | Перспективалық өнімдерді егжей-тегжейлі талдау | ЭБЖМ, "Қазына" АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Перспективалық өнімдерді егжей-тегжейлі талдау | 2009 жылғы 2 қарашаға дейін |
| 23 | Әрбір сектор үшін айрықша әкімшілік кедергілерді жою жөнінде шаралар әзірлеу (алдын ала нұсқасы) | ЭБЖМ, "Қазына" АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Жұмыс тобы мақұлдаған салалардың дамуына бөгет болатын әкімшілік кедергілерді жою жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 13 қаңтарға дейін |
| | | ЭБЖМ, ИСМ, "Қазына" АҚ, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 24 | Кәсіпкерлік инфрақұрылымды дамыту жөнінде шаралар әзірлеу (алдын ала нұсқасы) | ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Жұмыс тобы мақұлдаған кәсіпкерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 13 қаңтарға дейін |
| 25 | Кәсіпкерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жоспарларға сәйкес өндірістік инфрақұрылымды дамыту жөнінде шаралар әзірлеу (алдын ала нұсқасы) | ЭБЖМ, ККМ, ЭМРМ, "Қазына" АҚ, "Самұрық" АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Жұмыс тобы мақұлдаған өндірістік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 30 қаңтарға дейін |
| 26 | Шикізат базасын дамыту жөнінде шаралар әзірлеу (алдын ала нұсқасы) | ЭБЖМ, ЭМРМ, "Қазына" АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Жұмыс тобы мақұлдаған шикізат базасын дамыту жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 30 қаңтарға дейін |
| 27 | Кәсіби кадрларды даярлау және тарту жөнінде шаралар әзірлеу (алдын ала нұсқасы) | ЭБЖМ, БҒМ, Еңбекмині, "Қазына" АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Жұмыс тобы мақұлдаған кәсіби кадрларды даярлау және тарту жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 30 қаңтарға дейін |
| 28 | Ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту жөнінде шаралар әзірлеу (алдын ала нұсқасы) | ЭБЖМ, БҒМ, "Қазына" АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Жұмыс тобы мақұлдаған ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 30 қаңтарға дейін |
| 29 | Мастер-жоспарлардың алдын ала нұсқаларын әзірлеу | ЭБЖМ, ИСМ, "Қазына" АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Алдын ала мастер-жоспар | 2009 жылғы 10 қаңтарға дейін |
| 30 | Бизнес форумдар ұйымдастыру және алдын ала мастер-жоспарлардың тұсаукесерлері | "Қазына" АҚ, ӘКК | Бизнес форумдар өткізу | 2009 жылғы 11 ақпан - 2009 жылғы 26 ақпан кезеңінде |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 31 | Әрбір сектор үшін өзіндік әкімшілік кедергілерді жою жөнінде шаралар әзірлеу ( түпкілікті нұсқасы) | ЭБЖМ, "Қазына " АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Жұмыс тобы мақұлдаған салаларды дамытуға бөгет болатын әкімшілік кедергілерді жою жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 27 наурызға дейін |
| 32 | Кәсіпкерлік инфрақұрылымды дамыту жөнінде шаралар әзірлеу (түпкілікті нұсқасы) | ЭБЖМ, ИСМ, " Қазына" АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Жұмыс тобы мақұлдаған кәсіпкерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 24 сәуірге дейін |
| 33 | Кәсіпкерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жоспарларға сәйкес өндірістік инфрақұрылымды дамыту жөнінде шаралар әзірлеу ( түпкілікті нұсқасы) | ЭБЖМ, ККМ, ЭМРМ, "Қазына " АҚ, "Самұрық" АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Жұмыс тобы мақұлдаған өндірістік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 22 мамырға дейін |
| 34 | Шикізат базасын дамыту жөнінде шаралар әзірлеу ( түпкілікті нұсқасы) | ЭБЖМ, ЭМРМ, "Қазына" АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Жұмыс тобы мақұлдаған шикізат базасын дамыту жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 29 мамырға дейін |
| 35 | Кәсіби кадрларды даярлау және тарту жөнінде шаралар әзірлеу ( түпкілікті нұсқасы) | ЭБЖМ, БҒМ, Еңбекмині, " Қазына" АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Жұмыс тобы мақұлдаған кәсіби кадрларды даярлау және тарту жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 12 маусымға дейін |
| 36 | Ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту жөнінде шаралар әзірлеу (түпкілікті нұсқасы) | ЭБЖМ, БҒМ, " Қазына" АҚ, ӘКК, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдіктері | Жұмыс тобы мақұлдаған ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 26 маусымға дейін |
| 37 | | | Жұмыс тобы мақұлдаған экспортты | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Экспортты жылжыту жөнінде шаралар әзірлеу | ЭБЖМ, "Қазына" АҚ, ӘКК | жылжыту жөніндегі нақты шаралар | 2009 жылғы 10 шілдеге дейін |
| 38 | Қазақстан Республикасында салаларды дамытудың перспективалары бойынша тұсаукесерлік материал әзірлеу | ЭБЖМ, "Қазына" АҚ, ӘКК | Тұсаукесерлік материал | 2009 жылғы 24 шілдеге дейін |
| 39 | Қазақстанның халықаралық деңгейдегі мүмкіндіктерінің тұсаукесерін (оның ішінде нақты компаниялармен келіссөздер) өткізу жоспарын әзірлеу | ЭБЖМ, "Қазына" АҚ, ӘКК | Тұсаукесерді өткізу жоспары | 2009 жылғы 31 сәуірге дейін |
| 40 | Мастер-жоспардың толық нұсқасын әзірлеу | ЭБЖМ, "Қазына" АҚ, ӘКК | Мастер-жоспар | 2009 жылғы 14 тамызға дейін |
| 41 | Астана қаласында конференция өткізу | "Қазына" АҚ, ӘКК | Конференция | 2009 жылғы 15 тамыз - 2009 жылғы 21 тамыз кезеңінде |
| 42 | Мастер-жоспарларды пысықтау | ЭБЖМ, "Қазына" АҚ, ӘКК | Жұмыс тобы мақұлдаған мастер-жоспар | 2009 жылғы 25 тамызға дейін |
| 43 | Жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның қарауына мастер-жоспарды шығару | ЭБЖМ, ИСМ, ӘКК | Жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның мастер-жоспарларды мақұлдауы | 2009 жылғы 1 қыркүйекке дейін |
| 44 | Мастер-жобаларды іске асыру жөніндегі Үкімет қаулыларының жобасы | ЭБЖМ | Үкімет қаулысы | 2009 жылғы 10 қыркүйекке дейін |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

"Қазына" АҚ - "Қазына" тұрақты даму қоры" акционерлік қоғамы

"Самұрық" АҚ - "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік

қоғамы
ӘКК - Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар
"Батыс" ӘКК - "Батыс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы
"Сарыарқа" ӘКК - "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы
"Тобыл" ӘКК - "Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы
"Ертіс" ӘКК - "Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы
"Жетісу" ӘКК - "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы
"Оңтүстік" ӘКК - "Оңтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы
"Каспий" ӘКК - "Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК